

- мектепте әскери-патриоттық тәрбие беруді жоспарлау және оқушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу мәселелерін егжей-тегжейлі зерделеу;
  - заманауи оқыту стратегиялары (сыни тұрғыдан ойлау, функционалдық сауаттылық, критериалды бағалау) мен оқытудағы инновациялық тәсілдерді қолдану. электрондық, акпараттық және цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып;
  - білім берудегі менеджер қызметін жүзеге асыру (педагогикалық қызметтің нәтижелерін жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және ынталандыру, бақылау және бағалау);
  - оқытудың стратегиясы мен жоспарын әзірлеу, оқытудың заманауи технологияларын таңдау және пайдалану, оқу материалын жүйелі түрде ұсынуды қамтамасыз ету, сабақтардың ұтымды құрылымы мен мазмұнын құру;
  - білім беру платформасында электронды сынып журналымен, білім алушылардың/тәрбиеленушілердің күнделіктерімен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын меңгеру;
  - бөлім бойынша жиынтық бағалауды (БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалауды (ТЖБ) өткізу әдістемесін меңгеру, цифрлық білім беру ресурстарын (СБР) пайдалану, сабақ/сабақ конспектілерін дайындау.
- Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау және жазу үшін білім беру бағдарламасында диплом алдындағы практика қарастырылған. Ол оқытудың соңғы кезеңі болып табылады және білім алушы теориялық және практикалық оқыту бағдарламасын меңгергеннен кейін жүргізіледі.
- Жалпы іс-тәжірибе жұмыстары болашақ мамандардың білікті маман болып университет қабырғасынан шығуына өз септігін тигізеді. Сондықтан біз бұл мәселені сырт айналып кете алмадық. Ендігі мақсат осы жолда көптеген жұмыстар жүргізіп шәкірттеріміздің білікті маман болуына өз септігімізді тигізіп, жоғары білім саласында алдыңғы қатарлы оқу бағдарламалар қатарына енуді міндет етіп қоюдамыз.

#### Әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025-2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 2.Рамашов Н.Р., Қожамжаров Е.Ж., Бодеев М.Т. «Алғашқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі». Оқу-әдістемелік құралы. -Алматы, 2012.- 150б.
- 3.Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 27.12. 2019 ж.
- 4.А.Б Тасбулатов., Д.К.Майхиев., Е.Ж.Акимбаев., О.Ж.Мамырбаев Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқу құралы Алматы мектеп 2019ж.

п.ғ.м.,аға оқытушы Кулейменов А.Ж.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,Қарағанды қ.

Жумадилов А.Т. – студент (БӘжәнеДД 23-1к)

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,Қарағанды қ.

АӘжәнеТД пәнінің мұғалімі Есентаев Н.Т.

Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицейі,Қарағанды қ

АӘжәнеТД пәнінің мұғалімі Акыжанов А.Ш.

Сәкен Сейфуллин атындағы гимназия,Қарағанды қ.

## **ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІМІЗ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЫЗҒЫМАС ТҰҒЫРЫ - ЕЛДІКТІҢ БЕРІК ҚАЛҚАНЫ**

1991 жылғы 16 - желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік - тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Отыз үш жылдан астам уақыт

ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады.

Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне, енді сол күнге де жеттік, Тәуелсіздік табалдырығында тұрған осы жан тебіренер сәтте қазақ елінің еркіндігі, бостандығы жолында бас тіккен азаматтардың, солардың қатарында бұл күнге жете алмай, Қазақстанның егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болғанын көре алмай өмірден өткен желтоқсан құрбандарының рухына тағзым етіп, еске алуды парыз санаймын. Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең-байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді.

Жаңа мемлекет құруға атсалысқан бүкіл халқымыздың ерен еңбегінің тарихи шежіресі. Өткен әрбір он жылдық атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр. Алғашқы он жылдық егемен Қазақстанның өз дербестігін қалыптастыру кезеңі болды. Екінші он жылдықта еліміз тұғырын нықтап, керегесін кеңейтіп, іргесін бекітті. Үшінші он жылдықта мемлекетіміз шын мәнінде кемеліне келіп, әлемдік саясаттың төріне озды.

1992 жылы 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні болып белгіленді, Ең бастысы ел тәуелсіздігін, аймақтың тұтастығын, мемлекеттің маңызды мүдделерін қамтамасыз етіп келеді. Қарулы Күштердің негізі қаланған бері Ұлттық қорғаныс университеті, Шет тілдері әскери институты, Әуе қорғанысы күштерінің әскери институты, Әскери-теңіз институты жұмыс атқаруда [1,74].

Еліміздің айбыны, мақтанышы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына биыл - 32 жыл толып отыр. Осы отыз екі жылдың ішінде еліміздің қарулы күштері барлық жағынан күшейіп, біліктілігі нығайып, алынбас қамалға айналып үлгерді. Сондықтан еліміздің Қарулы күштеріне сенім артуға тұрарлықтай деп сенім білдіре аламыз. Өйткені олардың мықтылығы еліміздің қорғаныс қабілетін айқындайды. Осы кезеңде әскеріміз айбынды армияға айналды. Қырағы жауынгерлеріміз ел шебін қас қақпай күзетіп тұр. Олар мемлекеттігімізді нығайтуға зор еңбек сіңіруде. Қарулы күштеріміз – Тәуелсіздіктің мызғымас тұғыры, еліміздің көкбайрағы желбіреп әлемге таныла берсін..

Сонымен қатар бүгінгі күндері Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде әскери кафедра ашылып, студенттер оқу орнымен қоса арнайы әскери білім алып лейтенант шенін алып шығу мүмкіндігі ие болып отыр. Бұл әскери бөлімдерде міндетін атқару арқылы елімізде әскери мамандардың жеткілікті, командирлердің дайындап шығу мүмкіндігі туғызып отыр.

«Жалпы әскери міндет және әскери қызмет» Заңы, «Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы» заңдары қабылданып, қолданысқа берілді. Бұл заңдар аясында әскерілеріміздің әскери борышын өтеудің негізгі ережелері, сарбаздарымыздың әскери борышын өтеу кезіндегі міндеттері мен жауапкершілігі және құқықтары нақтыланған. [2,12].

Еліміздегі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің Әскери антының мәтіні жасалып, сарбаздарымыз өз еліне ант беретін болды. Бүгінде Ант қабылдау рәсімі жақсы дәстүрге айналып, әскери бөлім үшін мереке күніне айналған, тіпті осы күні ата аналар балаларының ант беру рәсіміне қатысып, салтанаты шараның куәгері болу да қарастырылған.

1992 жылы тәуелсіз мемлекеттердің достығының мемлекет басшылары Тәжікстан елінің Ауғанстанмен шектесетін қорғаусыз қалған шекарасына әскер жіберу туралы шешім қабылдаған болатын. 1993-1999 жылдар аралығында еліміздің Қарулы Күштері әскері жедел мақсаттағы бөлімінің 2 мыңнан астам жауынгері мен офицері тәжік-ауған шекарасында жауынгерлік міндеттерін орындады. Дене мәдениеті және спорт факультетінің бастапқы әскери дайындық және жеке сайыс кафедрасының ұйымдастыруы мен тәжік-ауған шекарасында болған жауынгерлер мен бастапқы әскери және дене дайындық

мамандығының студенттеріне әскери патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында кездесу өткізілген болатын. «Қазбат» жауынгерлері 2003-2008 жылдарда Ирактағы көпұлтты халықаралық ұжымдық қауіпсіздік күштері құрамында бітімгершілік миссия орындау кезінде жауынгерлік міндеттерін абыроймен атқарды. Бес жыл ішінде біздің әскерлер мыңнан аса жарылғыш заттардың көзін жойды және медициналық жәрдемдер көрсетілді,

Қорғаныс министрлігі азаматтардың мерзімді әскери қызметін өтеуге ынтасын арттыру мақсатында жаңа жоба бастауды көздеп отыр. Жоғары оқу орындарының әскери кафедрасында тегін оқу және әскерде болған азамат екі жыл ішінде ұлттық бірінғай тестілеусыз оқуға түсу мүмкіндіктері бар және нәтижесіз ақылы негізде оқуға түсе алады. Өткен жылдан бастап Қорғаныс министрлігі әскерде қызмет еткен азаматтарға білім беру жеңілдіктерін беру арқылы жастардың әскери қызметке деген ынтасын арттыру жөніндегі жобаны іске асырып келеді. Қорғаныс министрлігі еліміздің 50-ге тарта жоғары оқу ордасымен келісімге қол қойды. Болашақта жаңа әскери технологияға негізделген жаңа мамандықтар ашылмақ. Мұның барлығы жастардың мерзімді әскери қызметін өтеуге деген ынтасын арттыру үшін жасалып отыр. Бұл жеңілдікті қатарына шақырылғандар Отан алдындағы борышын атқарып болған соң 2023-2024 оқу жылында пайдалана бастады.

Әскери борышын өтегендер енді жоғары оқу орындарында тегін білім алады. әскери борышын өтеген сарбаздар конкурсыз өздерінің есебінен оқуға мүмкіндік береміз. ішкі грант деген мәселе бар. Яғни осы бастамаға қосылған бірнеше мықты жоғары оқу орындарымыз ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындары өздерінің есебінен ең мықты деген сарбаздарымызға ішкі грант деген мүмкіндікті беруге дайын [3,4].

Тәуелсіз еліміздің тірегі Қарулы Күштер болса, Әскери доктрина Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз етуге қатысты мемлекетте ресми қабылданған көзқарастар жүйесі болып табылады. Әскери доктринаның ережелері әлемдегі әскери-саяси жағдайдың дамуын бағалау мен болжау нәтижелеріне, әскери жанжалдар сипатындағы және қарулы күрестің мазмұнындағы өзгерістерге негізделеді.

#### Әдебиеттер

- 1.1991 жылғы желтоқсанның 16-сында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қол қойған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңы.
- 2.Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскерлік жарғылары: Астана 2007ж.
3. EGEMEN QAZAQSTAN 15 маусым 2023ж.

Даиров Н.К.

Казахская средняя школа имени Ы. Алтынсарина города Аксу, Павлодарская область

Тұрсынбай Қ.Т.,

Жантурсева Н.Б., Толеуханова Ж.Е.

Карагандинский университет им. Е.А. Букетова

### **ВЛИЯНИЕ НАЧАЛЬНОЙ ВОЕННОЙ И ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ НА ЛИЧНОСТНОЕ РАЗВИТИЕ И ВОСПИТАНИЕ ПАТРИОТИЗМА У ШКОЛЬНИКОВ**

В статье рассматривается влияние начальной военной и технологической подготовки (НВиТП) на формирование личностных качеств школьников и воспитание патриотизма. Анализируются воспитательные и образовательные функции НВиТП, её роль в развитии дисциплинированности, ответственности и коллективизма. Выделены перспективные подходы к интеграции патриотического воспитания в образовательный процесс.